

Т. Ш. Бисембиев, экономика және құқық институты, заң пәндер кафедрасының аға оқытушысы
(Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті)

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деген Төле би бабамыздың осы аталы сөзін басшылыққа алғанда кез келген мемлекеттің сот жүйесінде кемшіліктер болмас еді. Осы қағидадан ішінара іш тартып жататындықтан, Қазақстанның сот жүйесінде де бұл күндері бірқадау проблемалардың бары жасырын емес. Өз кезегінде олар қоғамның сот билігіне деген сеніміне күдік түсіріп те жатады. Қазақ халқының тарихында әділдігімен, тапқырлығымен атағы жайылған көптеген билердің есімдері белгілі. Төле би Әлібекұлы, Қазыбек би Келдібекұлы, Әйтеке би Байбекұлы — міне осылар үздік билер болды. Олардың жігерлерімен, білімдерімен және данагөйлігімен «Жеті жарғы» дағдылы құқық нормаларының жинағы жасалды. Бұл қазақ қоғамы мен жалпы қазақ мемлекеттігінің құрылысын сала бастаған кірпішке айналды.

Президент халқына жолдауында Құқық қорғау жүйесін жаңғырту міндетін қойғандығын атап өтті. Құқық тәртібі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрған мемлекеттік органдар жүйесі үшін біздің елімізде барлық қажетті жағдайлар жасауға бағытталғанын айтып шықты. Сол тұрғыда, Елбасының пікірінше, «жекелеген судьялардың кәсіби біліктілігінің төмендігі және моральдық-этикалық бейнесінің нашарлығы» Қазақстандық сот жүйесіндегі кемшіліктің бірі деп көрсетті. Сонымен қатар, әділеттілікті орнатудың сапасына қатысты наразылықтар бар. Бұл кемшіліктер соттың сөзбұйдаға салуын, соттағы қателіктерді, тіпті заңды бұзушылық жағдайларын қамтиды. Сот өндірісі үдерісінің айтарлықтай жетілдірілмеуімен де байланысты. Қазақстандық соттың әділетті болуы оның шешімдеріне қатысты». Қазақстанның сот жүйесіндегі мәселердің қатарына — бұл сот шешімдерінің орындалуының дәрежесі мен сапасынан тұрады. Сот билігінің мәртебесі мен әрекеттілігі осы шешімдердің орындалуымен тікелей байланысты. Қолданыстағы құқықтың кемшіліктері мен ақаулығы соттағы дау-дамайларды тудыратын себептердің бірі. Сот жүйесінде шешімін таппаған проблемалар баршылық.

Азаматтардың сот жұмысындағы кемшіліктерге шағымдануынан көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазақстанның сот жүйесінде жоғарыда айтылған кемшіліктердің бары рас. Бұндай проблемалар өз кезегінде қоғамның сот билігіне сенімсіздікпен қарауына түрткі болып отыр. Содан да болса керек, бұл күндері жекелеген азаматтардың аудандық, қалалық, одан қалса облыстық соттардың шығарған шешімдеріне наразылық танытып, әділдік іздеп Жоғарғы сотқа шағымданып жататынын көреміз. Ондай шағымдар Жоғарғы сот тарапынан кейде қанағаттандырылып жатса, кей жағдайда заңды белден басқан азаматтардың қолымен істегенін мойнымен көтеруге күштері жетпей, болсын-болмасын судьяларды қаралап, сот жүйесіне кейістік танытып жататын жағдайлар да кездеседі.

Қазіргі таңда өркениетті елдердің қатарына қосылып, толыққанды азаматтық қоғам құруға ұмтылып жатқан Қазақстан үшін сот жүйесі жұмысының мүлтіксіз болуы, судьялардың ардан аттамай, адамгершілік құндылықтарды жоғары қоя отырып, әділетті болуы аса маңызды. Бұл қағида демократиялы, зайырлы, азаматтық қоғамның маңызды құрамдауыштарының бірі болса керек. Дейтұрғанмен, бұл тұста елімізде бұрынғы кездерге қарағанда сот жүйесінің ашықтығын, әділеттілігін қамтамасыз етуде, судьялардың мәртебесін көтеруде көптеген жұмыстар тындырылғанын да айтып өткен жөн. Мемлекет тарапынан жемқорлықты жою үшін мемлекет судьялардың жалақысын анағұрлым көтерді. Оларды баспанамен қамтамасыз етуде. Бұл күнде судьялар еліміздегі ең жоғары жалақы алатын мемлекеттік қызметкерлердің қатарында. Ресми мәліметтер бойынша, тек биылдың өзінде сот жүйесін дамытуға 20,5 млрд теңге бөлініпті. Мемлекеттің бұндай қадамы әрине біртіндеп тиімділігін көрсетіп, жемісін беруде.

Бүгінде елімізде «малым жанымның, жаным арымның садағасы» дейтін қағиданы қатаң ұстанатын судьялардың шоғыры қалыптасты. Бұрынғыдай емес, қоғамның да сот жүйесіне деген көзқарасы позитивті жаққа қарай өзгере бастады. Сот жүйесіндегі әлі де бар кем-кетікті қымтап, кемшіліктерді жою үшін «тас қопарып, тау құлататын» жұмыстар

жетерлік. Бұл ретте ең маңыздысы — судьяларды іріктеу мәселесіне келіп тіреледі. «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде», — демекші кімнің пиғылы қандай екенін ешкім тап басып айта алмайтыны анық. Оның үстіне рухани құндылықтан гөрі, материалдық құндылық салтанат құрып тұрған мына заманда «бармақ басты, көз қыстымен» қызметке ілігіп, «бір қарын майды» шірітіп жүргендер де бар. Қандай да бір саладағы кемшіліктердің көпшілігі көп жағдайда солардың кесірінен болып жатады. Өкінішке қарай, бұл кемшіліктен сот жүйесі де аз емес. Сондықтан да болса керек, бүгінгі құрылтайда осыған тосқауыл қоюға айрықша маңыз берілді. Мемлекет басшысы судьяларды іріктеудің кәсіби біліктілік талаптарына моральдық-этикалық нормаларды да енгізу қажеттігін қадап айтты.

Судья — сот жүйесінде сот органының құрамына сайланған немесе тағайындалған лауазымды адам, сот билігін атқарушы. Оған конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру және өзінің міндеттерін кәсіби негізде атқару құқықтары берілген. Ол өз құзыреті шегінде істі жеке-дара қарайды, соттың отырысын дайындау не оның үкімінің немесе басқа да шешімінің орындалуын қамтамасыз ету жөнінде өкім жасау қызметін атқарады. Қазақстанда барлық Судьялардың мәртебесі бірдей және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ғана ерекшеленеді. Судьяның құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Заңымен және өзге де заңдармен айқындалады. Оған заңда көзделмеген соттан тыс атқарымдар мен міндеттер жүктелмейді, сондай-ақ ол қылмысқа қарсы күрес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құрамына енгізілмейді. Қызметке конституция мен заңдарға сәйкес сайланады немесе тағайындалады, оның қызметі аталмыш конституция заңда көзделген негізде және тәртіппен тоқтатылады немесе тоқтатыла тұрады.

Судьялар ауыстырылмайды әрі тәуелсіздігі конституциямен және заңмен қорғалады және сот төрелігін жүзеге асыруы кезінде осы екеуіне ғана бағынады. Оған қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайдан басқа ретте ешкімнің тиіспеуіне, қызметіне ешкімнің араласпауына заң жүзінде кепілдік берілген. Істі Судьялар алқасының құрамында қарайтын Судья істі қарауға байланысты туындайтын барлық мәселелерді шешу кезінде төрағалық етушімен және басқа Судьялармен тең құқықта болады. Судья сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін, Судья әдебіне қайшы келетін теріс қылық жасағаны үшін, еңбек тәртібін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Судья өзінің жоғары мәртебесіне сәйкес мемлекет есебінен материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамсыздандырылады.

Қазақстандағы сот жүйесінің мәнін анықтайтын негізгі актілер — Қазақстан Республикасының Конституциясы және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Заң болып табылады. Осы басты құжаттарға сәйкес еліміздің сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты және жергілікті соттар құрайды. Жергілікті соттарға облыстық және соған теңестірілген соттар, сондай-ақ аудандық және соған теңестірілген соттар жатады. Аталған соттардың барлығы тұтас бір жүйеге біріктірілген, олардың барлығы әділ түрде жүзеге асырылуын, әрқайсысы істерді қарау және шешу мәселесі бойынша өздеріне тиесілі нақты міндеттерін атқарады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 76-бабы бойынша:

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заң мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

2. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады¹.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы заңда судьялардың келесі мәртебелері нақты айқындалған:

1. Қазақстан Республикасының барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен судьяға сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер беріледі, ол өз міндеттерін тұрақты негізде орындайды және сот билігін жүргізуші болып табылады.

Судьялардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және өзге де заңдармен белгіленеді.

2. Судьяға заңда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге болмайды. Судьяны қылмысқа қарсы күрес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құрамына енгізуге болмайдыⁱⁱ.

Елбасы Үкіметке, Президент Әкімшілігіне, құқық қорғау органдары мен соттарға негізгі бағыттар бойынша шаралар жүргізуге дереу кіріскендері жөн екендігін атап көрсетті.

Бұл ретте Парламентке бірқатар өте маңызды заң пакеттерін қабылдауы, Президент Әкімшілігі мен Үкіметке қажетті шараларды белгілеуі, Қауіпсіздік Кеңесіне барлық әлеуетті органдардың жұмысын үйлестіру, сөйтіп, олардың қызметіне толық ауқымды бақылауды қамтамасыз етуі керекⁱⁱⁱ.

Қабылданған шаралар сот жүйесінің тиімділігін арттыруға, біздің азаматтардың құқықтарын әділ де нақты қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Айтылған сөз — атылған оқ. Олай болса, судьялардың біліктілігін арттырып, сот жүйесін одан ары нығайтылуы қажет.

ⁱ ҚР-ның конституциялық заң күші бар «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы»: Заңы 25.12.2000 ж. // www.online.zakon.kz

ⁱⁱ «ҚР-ның сот жүйесі тәуелсіздегін нығайту шаралары туралы» ҚР Президентінің Жарлығы 01.09.2000 ж. // www.akorda.kz

ⁱⁱⁱ www.bnews.kz